**Тіркеу № 7941**

## ҰШУ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ

Қауіпсіздік - бұл біздің компанияның корпоративтік құндылығы және ешкім «жұмысты аяқтай салу» үшін біздің қауіпсіздік стандарттарымызға қауіп төндірмеуі тиіс.
Біздің компанияда ұшу қауіпсіздігі үшін негізгі жауапкершілік жауапты басшы ретінде маған жүктеледі.
Біздің қызметімізді барша үшін қауіпсіз ету міндеті әрқайсымызға, жоғары деңгейдегі басшылардан бастап, қатардағы қызметкерлерге дейін жүктеледі.
Әрбір басшы қауіпсіздіктің ең жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және өзінің жауапкершілік аймағында ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін енгізуге жауапты болады.

Біз:

- ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тиімділік көрсеткіштерін, сондай-ақ жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу тәсілдерін белгілеуге;
- ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан әрбір қызметкердің міндеттері мен жауапкершілігін накты айқындауға;
- қауіп-қатер, тәуекелдер және авиациялық оқиғалар туралы деректерді ұсыну мәдениетін қолдауға;
- байқаусыз әрекеттер нәтижесінде туындаған ұшу қауіпсіздігіне байланысты қауіп-қатерлер немесе оқиғалар туралы шындықты айтқан кез келген қызметкерге қатысты басшылық тәртіптік шара қолданбайтын әділеттілік мәдениетін қамтамасыз етуге;
- барлық қолданыстағы заңдарға және нормативтік талаптар мен стандарттарға сәйкес келу және мүмкіндігінше асып түсу үшін озық тәжірибені ескеру және қауіпсіздік процестерімізді жетілдіруге;
- ұшу қауіпсіздігіне сәйкес, тиісті ақпарат пен оқытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ қызметкердің дағдыларына сәйкес келетін тапсырмаларды ғана тапсыруға;
- тәуекелдерді басқарудың тиімді процесін қолдау және тәуекелдерді қолайлы деңгейге дейін төмендету үшін барлық қажетті ресурстарды бөлуге;
- барлық қызметкерлерден өз жұмыс орнындағы тәуекелдерді күнделікті бағалау және бекітілген рәсімдерді сақтау арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз етумен жұмыс істеуді талап етуге міндеттенеміз.

**«Халықаралық Алматы әуежайы» АҚ президенті** **Гокер Косе**

«09» 12 **2024**

Проверить актуальность документа на OneDrive Documents перед его использованием